



MUNAILY MEKEN

№ 19 (482)

19/11/2018



«ҚАЗМҰНАЙГАЗ» БАРЛАУ ӨНДІРУ» АҚ
корпоративті басылымы

Газет 2005 жылдың
29 желтоқсанынан шыға бастады

Мұнайгаз саласындағы тиімді тәсілдер талқыланды

Қазанның 31-і мен қарашаның 2-і дейінгі аралықта Астанада Тәуелсіздік сарайында бесінші Каспий техникалық конференциясы мен SPE көрмесі болып өтті. Іс-шараны Каспий өңіріндегі мұнай-газ секторы және «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ-ның қолдауымен Мұнайшы-инженерлер Қоғамы (SPE) ұйымдастырды. Оған Каспий өңіріндегі «ExxonMobil», «NOC», «Теңізшевройл», «Chevron», «Total», «Eni», «Schlumberger», «Baker Hughes» – ірі мұнай-газ компанияларының өкілдері қатысты. Халықаралық шарада мұнай өндірудің өзіндік құнын төмендету және сала жұмысының тиімділігі туралы мәселелер талқыланды.



Конференцияның ашылу рәсімінде Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің орынбасары Мағзұм Мырзағалиев, «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ басқарма төрағасының барлау, өндіру және мұнай сервистері жөніндегі орынбасары Құрманғазы Есқазиев, SPE 2019 президенті Сами Альнуаим, «KAZENERGY» Қауымдастығы төрағасының орынбасары Ұзақбай Қарабалин және «PSA»

ЖШС бас директоры Мұрат Жүребеков сөз сөйлеп, форум жұмысына сәттілік тіледі. Сондай-ақ, мұнайгаз саласының келешегі мен өзара іскерлік ынтамақтастық мәселелеріне тоқталып өтті.

Өз сөзінде Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің орынбасары Мағзұм Мырзағалиев бүгінгі таңда Қазақстан энергетикалық қелбетінде танымал және мұнай

өндіру бойынша ең озық 15 елдің қатарында екенін атап айтты. Бұл ретте министрліктің жер қойнауын пайдалану, өндірістік озық технологияларды енгізуге бағытталған бастамалар бойынша жұмыстарды одан әрі жалғастыратынын жеткізді.

2-бетте >>

ҚМГ БӨ: артықшылықты акцияларды сатып алу мерзімі акционерлердің өтініші бойынша ұзартылды

«ҚазМұнайГаз» Барлау Өндіру» АҚ Директорлар кеңесі артықшылықты акцияларын сатып алу мерзімін 2,5 айға, келесі жылдың 31 қаңтарына дейін ұзартты. Мұндай шешімді компанияда өз акцияларын бағдарлама аяқталуының бастапқы мерзімі, 16 қарашаға дейін сатуға үлгермеген акционерлердің өтінішімен түсіндіреді.

«Қазіргі сәтте барлық ірі акционерлер, әдетте, бұл заңды тұлғалар өз акцияларын сатты. Бізге негізінен жеке тұлғалар өтініш білдірді. Оларға өз акцияларын сатуды ресімдеу үшін едәуір көп уақыт қажет. Бұның себебі тізілімде акционерлердің жеке деректері ескірген, оларды жаңарту біраз уақытты талап етеді», – деп атап өтті ҚМГ БӨ Директорлар кеңесінің төрағасы Дәурен Қарабаев.

Сонымен қатар, компанияда соңғы уақытта жеке тұлғалар тарапынан акцияларды сатуға өтініштер санының күрт өскенін атап айтады. Брокердің деректері бойынша, 13 қараша күні 363 037 акцияға 3 062 клиент атынан өтініш келіп түскен.

Артықшылықты акцияларды сатып алу бағдарламасының қалған шарттары өзгермеді. ҚМГ БӨ компаниясын тарату және оның барлық қызметін басты компания – «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ-ға беру бойынша алдағы уақыттағы жоспарлар да өзгеріссіз қалды.

Еске сала кетейік, ҚМГ БӨ 13 тамызда бір акция үшін 12 800 теңге бағамен 1 905 209 акцияға дейін көлемде еркін айналымдағы өзінің артықшылықты акциясын сатып алатыны туралы хабарлаған болатын. Бағдарлама іске қосылғаннан бері Компания 13 547 046 400 теңге сомасына артықшылықты акцияның барлығы 1 058 363 данасын сатып алды.

Брокер және трансфер-агент көрсететін қызметтер, құнды қағаздарды сату бойынша нақты қадамдар газетіміздің 3-беттегі жадынамада көрсетілген.

ЕСЕП АЙЫРЫСУЛАР 2019 жылдың 31 қаңтарына дейін айына екі рет жүргізілетін болады

19.11.2018 – 29.11.2018	арнаулы сауда-саттықта артықшылықты акцияларды сатуға клиенттік тапсырыстарды берудің жетінші кезеңі
30.11.2018	есеп айырысудың жетінші күні
04.12.2018 – 20.12.2018	арнаулы сауда-саттықта артықшылықты акцияларды сатуға клиенттік тапсырыстарды берудің сегізінші кезеңі
21.12.2018	есеп айырысудың сегізінші күні
24.12.2018 – 10.01.2019	арнаулы сауда-саттықта артықшылықты акцияларды сатуға клиенттік тапсырыстарды берудің тоғызыншы кезеңі
11.01.2019	есеп айырысудың тоғызыншы күні
14.01.2019 – 30.01.2019	арнаулы сауда-саттықта артықшылықты акцияларды сатуға клиенттік тапсырыстарды берудің оныншы кезеңі
31.01.2019	есеп айырысудың ақтық күні

2-бетте >>



АСТАНА ФОРУМЫНЫҢ АЙШЫҚТАРЫ

Астанада бірінші рет мұнай-газ саласының форумы өтті. Форумда «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ және «Теңізшевройл» ЖШС арасында үздік тәжірибе алмасу мәселесі талқыланды. Форумға «ҚазМұнайГаз» компаниясы мен оның еншілес ұйымдары, «Теңізшевройл» мен канадалық RLG компаниясы өкілдері қатысты. Конференция барысында шетелдік білікті мамандар қазақстандық мұнай зауыттарының қауіпсіздік техникасы мен күрделі жөндеу жұмыстарына байланысты іс-тәжірибелерімен бөлісті. Сондай-ақ, өңдеу секторында жұмыс істейтін кәсіпорындар арасында активтерді басқару саласында

тәжірибе алмасу үшін жалпы бірыңғай кеңістік құру туралы да сөз болды.

Қазіргі таңда мұнай-газ нысаны кешендерінде қауіпсіздікті қамтамасыз ету мәселесі басты орынға қойылып отыр. Қауіпсіздік техникасын сақтауға әр жұмысшы жауапкершілікпен қарауы тиіс. Осы орайда шетелдік компаниялардың озық тәжірибелері отандық компаниялардың дамуына өзіндік үлесін қосуда. Атап айтсақ, 2017 жылдан бастап канадалық RLG компаниясы үздік тәжірибелерімен бөлісіп, біздің мамандарға курстар өткізіп келеді.

– Бүгінгі іс-шараның мақсаты – Қазақстандағы мұнай компанияларының

жұмыс барысымен танысу, бір-бірімен тәжірибе бөлісу. Басты себепкер Канаданың RLG компаниясы мұнай саласында ұтымды жұмыс жасап жатыр деп айтуымызға болады. Олар Павлодар мұнай-химия зауытында 2017 жылдың сәуір айында жұмысшы мамандарға жаңа жобаларды үйретіп, тәжірибе алмасты. Бізден кейін Атырауға ауысты. Олар кеткен соң қайта жөндеу жұмыстарын өз күшімізбен жасадық. Сонымен қатар, біз америкалық «Грейс Дэвисон» мен шведтік «Хандертопс» компанияларымен де тығыз байланыстамыз.



Мұнайгаз саласындағы тиімді тәсілдер талқыланды



«I-бемге»

«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ басқарма төрағасының барлау, өндіру және мұнай сервистері жөніндегі орынбасары Құрманғазы Есқазиев қатысушыларды Ұлттық компания атынан құттықтап, конференция жұмысына сәттілік тіледі. Өз сөзінде Қ.Есқазиев бүгінгі күннің өзекті міндеті – тиімді геологиялық барлау жүргізу және қорлар көлемін арттыру екенін баса атап айтты. Сондай-ақ, ол жаңадан қабылданған «ҚазМұнайГаз» Ұлттық компаниясының 10 жылдық Даму стратегиясы ауқымды геологиялық барлауды дамытуға бағытталғанына тоқталып өтті.

Биылғы конференция «Инвестициялық жобаларды ынталандыру үшін мейлінше бәсекелестік ортаны қалыптастырудағы

ынтымақтастық» тақырыбын қамтыды. Инвесторлар мен өндіруші компаниялар үш күн бойы «Цифрландыру», «Бәсекелестік жағдайындағы ынтымақтастық» және «Жобаны орындауды оңтайландыру» тақырыптары бойынша 3 панельдік және 12 техникалық пікірталас сессияларына қатысты. Онда мұнай-газ өнеркәсібінің алпауыт компанияларының өкілдері, белгілі халықаралық спикерлер сөз сөйледі. Сессиялар мақсаты – Каспий өңірі секторы арасындағы өзара іс-қимылды арттыру және ынтымақтастықты ынталандыру. Сонымен қатар, ғылыми зерттеулердің нәтижелері туралы 50 зерттеу презентация жасалды.

Іс-шараның маңызды элементі нетворкинг болды. Нетворкинг делегаттарға кәсіби байланыстарды орнатуға, жаңа технологиялармен танысуға және өзара пікір мен тәжірибе алмасуға мүмкіндік береді.

Астана форумының айшықтары

«I-бемге»

Шетелдік мамандар зауытқа қандай материал алып келсе де, өздері үйретеді, оқытуды өз мойындарына алады. Сондай-ақ, қауіпсіздік техникасы мәселесі мұнай саласында жоғары қатарда тұр. Қазір «Аман» бағдарламасы аясында жұмыс істеп жатырмыз. Кәсіби мамандарды теориялық ғана емес, практикалық жағынан оқытуға баса назар аударамыз. Әр жұмысшы қауіпсіздікті өзінен бастауы керек. Соңғы жылдары адам өліміне алып келетін апат болған жоқ. Солай бола тұра, жұмыс барысындағы кедергілерді дер кезінде қолға аламыз. Павлодар мұнай-химия зауытына ҚР Энергетика министрлігінен биыл 5 млн. 200 мың тоннадай мұнай бөлінген. Қазіргі таңда мұнаймен толық қамтамасыз етіліп, тұрақты түрде жұмыс істеп жатырмыз. Соның арқасында бензин, дизель отыны шығарылып жатыр, бензин бағасы өспейді, қайта жаңғырту арқасында бұл сұрақтар шешілді деп ойлаймын, – дейді Павлодар мұнай-химия зауытының директоры Оспанбек Әлсейітов.

– «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ және оның еншілес ұйымдары қызметінің негізгі

мақсаты қоғамның алдында өз жұмысының қоршаған ортаға әсерін азайту, табиғи ресурстарды ұтымды пайдалану, қауіпсіз еңбек жағдайын қамтамасыз ету болып табылады. Компанияның тауарлары немесе көрсететін қызметтерінің сапасы ұлттық және халықаралық стандарттарға, тұтынушылардың негізделген талаптарына сәйкес келуі тиіс. Компания қызметкерлерінің еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасы саласындағы кәсіби біліктілігін үнемі арттырып отыру күн тәртібінен түскен емес. Сондай-ақ, еліміздегі арзан бензинге қатысты айтар болсақ, біздің технология әлемдік деңгейден



кем түспеуі тиіс. «ҚазМұнайГаз» және «Дунстейн» арасында ішкі байланыс арқылы сыртқы нарықты қамтамасыз етуіміз керек, – дейді «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Басқарма төрағасының мұнай тасымалдау, өңдеу және маркетинг жөніндегі орынбасары Данияр Тиесов.

– Бүгінгі конференцияда «Теңізшевройл» мен «ҚазМұнайГаз» арасындағы үлкен жетістікті көрсету керек деп ойлай-



мын. Әлемдік озық технология арқылы білімді бөлісу, тәжірибе алмасу біздің басты мақсатымыз болып табылады. Біз өндіріс орындарымен байланыс орнатамыз, сондықтан екі жаққа да тиімді үздік халықаралық индустриалдық тәжірибеге сәйкес жұмыс істейміз, – деді «Теңізшевройл» ЖШС өндіріс бөлімінің бас менеджері Имер Бонер.

Қорытындылай келе, компаниялар аталған мәселелердің шешімін табу жолында бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығарып, жұмыла жұмыс істеуге уәде беріп тарқасты. Келешекте осындай форум жалғасын табатынына ұйымдастырушылар сенімді. Астын сызып айта кетер бір жәйт, шетелдік қонақтар «ҚазМұнайГаз» Ұлттық компаниясын ең үздік деп танып, оларға «The best 2018 company» сыйлығын салтанатты түрде табыс етті.



АКЦИЯЛАРДЫ ҚАЙТА САТЫП АЛУ ТУРАЛЫ ЖАДЫНАМА ПАМЯТКА ПО ОБРАТНОМУ ВЫКУПУ АКЦИЙ



1



2



3

ҚМГ БӨ АҚ-ның артықшылықты акцияларын сатуға шешім қабылдаңыз

Примите решение продать привилегированные акции АО РД КМГ

Брокерлік шот ашу үшін Брокермен («Қазпошта» АҚ немесе кез келген басқа брокерлік компания) келісімшарт жасаңыз

Заключите договор с Брокером (АО «Казпочта» либо любая другая брокерская компания) для открытия брокерского счета

«Қазпошта» АҚ трансфер агентіне (тіркеушінің кеңсесі жоқ қалаларда) жүгініп және акцияларды шығынға жатқызуға бұйрық беріңіз

Обратитесь к Трансфер агенту АО «Казпочта» (в городах, где нет офиса регистратора) и подайте приказ на списание акций



4



5



6

Брокерге жүгініп, акцияларды есепке алуға бұйрық беріңіз

Обратитесь к Брокеру и подайте приказ на зачисление акций

Брокерге жүгініп және артықшылықты акцияларды Биржаның мамандандырылған сауда-саттықтарында сатуға (артықшылықты акцияларды брокерлік шотқа есептегеннен кейін) бұйрық беріңіз

Обратитесь к Брокеру и подайте приказ на продажу привилегированных акций в специализированных торгах на Бирже (после зачисления привилегированных акций на брокерский счет)

Брокерге жүгініп, ақша қаражатын есептеуге клиент тапсырмасын беріңіз (ҚМГ БӨ АҚ есеп-айырысуларды өткізгеннен кейін)

Обратитесь к Брокеру и подайте поручение клиента на зачисление денежных средств (после проведения расчетов АО РД КМГ)

Мамандандырылған сауда-саттықтар (мамандандырылған сауда-саттықтар өткізілгеннен кейін)



Спецторги (после проведения спецторгов)

БАЙЛАНЫСТАР

Артықшылықты акцияларды сату үшін жүгінуге болатын «Қазпошта» АҚ-ның жергілікті бөлімшелері тізімі

- Атырау қ., Абай к-сі, 6; 8 (7122) 95-69-93
Баймұханов к-сі, 70А; 8 (7122) 95-69-69
Авангард 3 ш.а., 49; 8 (7122) 21-30-02
- Құлсары қ., Махамбет д-лы, 23; 8 (71237) 5-17-38
- Мақат қ., Мұқашев к-сі, 19; 8 (71239) 3-17-18
- Доссор қ., Сүлейменов к-сі, 1; 8 (71239) 2-18-01
- Ақтау қ., 8 ш.а., 20; 8 (7292) 20-35-66
- Жаңаөзен қ., Шаңырақ ш.а., 46Е үй; 8 (72934) 7-17-90

Барлық сұрақтар бойынша Қазпоштаның бірыңғай байланыс орталығына хабарласыңыздар

1499

Тіркеуші – «Бағалы қағаздардың бірыңғай тіркеушісі» АҚ байланыс деректері:

- Астана қ., Иманов көш, 13, 101 кеңсе; 8 (7172) 47-61-88, 8 (7172) 47-61-89.
- Алматы қ., Бостандық ауданы, Сәтпаев көш., 30 А/3;
тел. 8 (727) 272-47-60, ішкі 150, факс: 8 (727) 272-47-60, ішкі 230.

Атырау қаласындағы байланыстар:
Уалиханов к-сі, 1, «Ембімұнайгаз» АҚ,
қазынашылық департаменті, тел.: 8 (7122) 99-32-62

Жаңаөзен қаласындағы байланыстар:
Қ. Сәтбаев к-сі, 3, «Өзенмұнайгаз» АҚ,
қазынашылық департаменті, тел.: 8 (7293) 46-34-01

КОНТАКТЫ

Список местных отделений Казпочты, в которые можно обратиться для продажи привилегированных акций

- г. Атырау, ул. Абая, 6; 8 (7122) 95-69-93
ул. Баймұханова, 70А; 8 (7122) 95-69-69
Авангард 3 мкр., 49; 8 (7122) 21-30-02
- г. Кульсары, пр. Махамбета, 23; 8 (71237) 5-17-38
- п. Мақат, ул. Муқашева, 19; 8 (71239) 3-17-18
- п. Доссор, ул. Сүлейменова, 1; 8 (71239) 2-18-01
- г. Ақтау, 8 мкр., 20; 8 (7292) 20-35-66
- г. Жаңаөзен, мкр. Шаңырақ, зд. 46Е; 8 (72934) 7-17-90

По всем вопросам обращаться в единый контакт-центр Казпочты

1499

Контактные данные регистратора – АО «Единый регистратор ценных бумаг»:

- г. Астана: г. Астана, 010000, ул. Иманова, 13, офис 101; тел.: 8 (7172) 47-61-88, 8 (7172) 47-61-89.
- г. Алматы, Бостандықский р-н, ул. Сәтпаева, 30А/3
тел. 8 (727) 272-47-60, вн. 150, факс: 8 (727) 272-47-60, вн. 230.

Контакты в г. Атырау:
ул. Валиханова 1, АО «Эмбамұнайгаз»,
департамент казначейства, тел.: 8 (7122) 99-32-62

Контакты в г. Жаңаөзен:
ул. К. Сәтпаева 3, АО «Өзенмұнайгаз»,
департамент казначейства, тел.: 8 (7293) 46-34-01



«ҚазМұнайГаз»: Санаттық басқарудың құндылығы

бақылау тестілеуді өткізу жоспарланып отыр. ҚМГ ішкі ресурсында «Самұрық-Қазына» тауарларды, жұмыстар мен қызметтерді сатып алу ережесінің кейбір нормаларын түсіндіру бойынша арнайы парақша ашылды. Онда сұрақ пен жауаптан басқа, кейбір еншілес ұйымдарда анықталған бұзушылықтар жарияланады. Сондай-ақ, 2018 жылы ҚМГ сатып алушылардың алғашқы форумын ұйымдастырды.

Сатып алуды санаттық басқаруды енгізу – ҚМГ үшін маңызды жобалардың бірі. Бұл жоба Трансформация бағдарламасының «Бизнес-процестердің реинжинирингі және цифрландыру» бастамасы аясында іске асып жатыр. Біздің міндетіміз – 2022 жылға қарай санатпен басқарылатын жылдық сатып алу құнының 80 пайызынан кем емес бөлігін санаттық басқарумен қамту. Ол үшін 39 санат бойынша сатып алудың санаттық стратегияларын әзірлеп, бекіту қажет. Жаңа құралды енгізуден түсетін пайда 85 млрд теңге болады деп бағалап отырмыз.

Өткен жылдың тамыз айында «ҚазМұнайГаз» компаниясында ірі компанияларды санаттық басқару және тауар, жұмыс және қызметтермен (ТЖҚ) қамтамасыз ету департаменті түрінде Құзырлық орталық құрылды. Бұл құрылымдық бөлімше сатып алуға жұмсалатын шығындарды азайту, сатып алынатын тауарлар мен қызметтердің сапасын арттыру жөніндегі міндеттерді атқарады. Департамент санаттарды жоспарлауға, сатып алынатын стратегиялардың әзірленуіне, сондай-ақ олардың іске асырылуының мониторингіне жауап береді.

Алайда, департамент орталық сатып алумен айналыспайды. «ҚазМұнайГазға» қарасты әрбір еншілес мекеме жыл сайын кем дегенде тауардың 7000 атауын сатып алады. Бұл ретте, жылына осы көлемнің 70 позициясы ғана санаттық басқару департаментінің қызметіне жатады. Бұл ТЖҚ атауларының шамамен 1%-ы болады. Жиынтықты түрде сатып алуды санаттық басқару 60%-ға жетті. Алдағы уақытта бұл көрсеткіш арта түседі.

Бүгінгі күні сатып алудың 7 санаттық стратегиясы әзірленіп, бекітіліп қойды: «Барлау мен бұрғылауға арналған құбырлар», «Мұнай өндіру сорғылары», «ҚМГ компаниялары тобы үшін автокөлік қызметтерін сатып алу», «Дизель отыны», «Каталитикалық крекинг катализаторлары», «Техникалық газдар» – 1 кезең, «Техникалық газдар» – 2 кезең. Соның ішінде 3 стратегия жүзеге асты, 4-еуі іске асыру сатысында.

Санаттық басқару департаментін құру – бұл Трансформация бағдарламасы іске қосылғаннан бері ҚМГ-да болған маңызды өзгерістердің бірі. Ендігі кезекте тактикалық сатып алу еншілес және тәуелді ұйымдардың деңгейінде, ал бекітілген санаттар бойынша стратегиялық сатып алу – корпоративтік орталық деңгейінде жүргізіледі. Бірақ «Самұрық-Қазына» АҚ деңгейінде әзірленетін сатып алуды санаттық басқарудың 1-ші тізбесі туралы ұмытпау қажет. Бұл Қордың барлық портфельдік компаниялары үшін ортақ талаптарын және топтастыру мүмкіндіктерін қамтитын ТЖҚ санаттары. Айталық, өткен жылы медициналық сақтандыру мен электр энергиясы бойынша санаттық стратегиялар әзірленді. Биылғы жылы жоспар бойынша «Арнайы аяқ киім» және «Кабельдік өткізгіш өнімдер» стратегиялары дайындалады. «ҚазМұнайГаз» мамандары бұл бірлескен жұмысқа барынша белсенді атсалысып жатыр.

– Бұған дейінгі сатып алу рәсімдерімен салыстарғанда, қазіргі санаттық басқарудың айырмашылығы мен басымдығы қандай?

– Сатып алуды санаттық басқару дегеніміз сатып алынатын техникалық және өзге де

қасиеттері бойынша ұқсас материалдар бір санатқа біріктіріледі. Санаттық басқару қосымша құндылықты іздеуді, экономикалық тиімділікті ұлғайтуды, меншіктің жиынтық құнын бағалауды және жеткізілімдердің барлық тізбегі бойынша шығындарды қысқартуды көздейді. Сатып алуды санаттық басқарудың нақты басымдықтары мен тиімділігін кейінірек, стратегиялардың іске асырылуына қарай көретін боламыз.

Екіншіден, бизнес-процестердің тиімділігін бағалау үшін сатып алудың санаттық тобы еншілес ұйымдардың қызметіне «түскен» кезде бұл көп жағдайларда процестердің өзгерісіне әкеледі. Мұнай өңдеу зауыттарында автокөлік бойынша өндірістік кестелерді жетілдіруді мысал ретінде келтірейін. Осындай процестерді трансформациялаудың арқасында біз үнемдеуден болатын қосымша тиімділікті байқаймыз.

Сатып алуды санаттық басқаруды енгізу ТЖҚ үшін ең төмен бағаны ұсынған тауар беруші не қызмет көрсетуші жеңімпаз атанатын сатып алудың ескі механизмдерінен бас тартуды білдірмейді. Әрбір сатып алу жеке-жеке қаралады. Бұл ретте сатып алудағы акцент меншіктің жиынтықты құнына (МЖҚ) ауысады. МЖҚ есебі қолданылмайтын жағдайларда, бұрынғы «төмен баға ережесі» пайдаланылады.

Сатып алуды санаттық басқару негізінде жасалған шарттар «ҚазМұнайГаз» компаниясына өнім берушілермен барынша серіктестік қарым-қатынастарды орнатуға мүмкіндік береді. Атап айтсақ, оларды өткен жылдары қол қойылған ұзақ мерзімді шарттармен салыстыруға болады. Мұндай келісімдер бойынша өнім беруші бірнеше жыл бойына компанияны тауармен қамтамасыз етіп отырады. Осы уақыт ішінде инфляция, девальвация және нарықтағы басқа да келеңсіз факторлар оның бар табысын «жеп қояды». Міне, осындай жағдайларда контрагент өнім жеткізуден бас тартуға мәжбүр болады. Нәтижесінде бұл міндеттерді орындамауға және айыппұлдарға әкеп соқтырады.

Ал сатып алуды басқарудың жаңа үлгісі шарт мазмұнындағы түрлі тетіктерді, соның ішінде «баға формуласын» пайдалануға мүмкіндік береді. Формула тендерлік құжаттаманың келісімшарт шаблоны үшін әзірленеді және енгізіледі. Аталған формула тиянақты және ауыспалы бөлімдерден тұрады. Соңғысы шикізат бағасы, персонал қызметінің құны сияқты және тағы да басқа сыртқы факторларға байланысты өзгеруі мүмкін. «Баға формуласы» өнім берушіге де, тапсырыс берушіге де қолданылады.

Мысалға құбырларды жеткізу қызметтерін алайық. Егер металдың нарық құны өсетін болса, контрагент жоғарылату жағына қарай бағаны қайта қарау үшін тапсырыс берушіге жүгінуге құқылы. Керісінше металл арзандаса, ҚМГ жеткізілім құнын төмендетуді сұрай алады.

Енгізіліп жатқан сатып алудың тағы да бір тиімді құралы – бұл әрбір шартта мазмұндалған қызметтің түйінді көрсеткіштері (КТК). Осы көрсеткіштердің көмегімен өнім беруші мен тапсырыс берушінің қызметі бағаланады. Әрбір контракт шеңберінде келісімшартты басқару бойынша топ құрылады. Оған барлық тараптардың өкілдері кіреді. Аталған топ тоқсан сайын және әрбір жартыжылдықта серіктестіктің стратегиялық жоспарларын және КТК бойынша шарттың орындалуын бағалау жөнінде сессиялар өткізіп тұрады. Қажет болған жағдайларда осындай сессиялардың қорытындысы бойынша шартқа түзетулер енгізіледі.

Тағы бір жәйт туралы баса айтқым келеді, ҚМГ тендерлік рәсімдерді санаттық стратегиялар шеңберінде жүргізген кезде міндетті түрде алдымен тендерді холдингтің тауар өндірушілері арасында жүргізеді. Осылайша,

отандық өндірушілерге қолдау көрсетеді. Холдингтің тауар өндірушілері белгілі бір тауар мен қызметтерді қамтамасыз ете алмайтын жағдайларда ғана холдингтің тауар өндірушілері тізіліміне кірмейтін басқа өнім берушілердің ұсыныстары қаралады. Сондықтан Қазақстанның тауар өндірушілері өз кәсіпорындарын Қордың тізіліміне қосу маңыздылығына назар аударғаны жөн.

– Қоймалар логистикасында қандай өзгерістер болмақ?

– Қоймалар логистикасын оңтайландыру ҚМГ Стратегиясында көрсетілген төртінші бастама. Бастаманың мақсаты қоймалар қызметі мен логистиканың шығындарын қысқарту және тиімді процестерін қалыптастыру болып табылады. Бұл мәселе қазір бастама түрінде ғана, жан-жақты зерттеуді қажет етеді. Соның нәтижесінде біз әрбір еншілес ұйым үшін бір елді мекенде жеке қойманың болғаны дұрыс па, жоқ әлде ҚМГ компаниялары тобының түпкілікті пайдаланушыларына тауарларды жеткізу мен сақтау үшін орталықтандырылған логистикалық хабтарды құру қаншалықты тиімді екенін түсінетін боламыз.

Бұдан басқа, бүгінгі күні сатып алу көбіне DDP (Incoterms) жеткізілімі талаптарында жүргізіледі. Мұнда тікелей шығындардан бөлек, өнім берушілер логистика үшін де маржаны өсіреді. Автоматтандырылған процестерді ендіру арқылы 3PL/4PL-операторлар қызметіне ауысу мүмкіндіктері ашылады. Бұл жүктер мен қоймаларды басқару бойынша шығындарды қосымша қысқартуға мүмкіндік береді.

– Сатып алу жүйесін дамыту ісінде ҚМГ нәтижелері қандай? Алдағы жоспарларыңызбен бөлісіп өтсеңіз. Трансформацияның барлық бастамалары іске асырылған кезде «компанияның мінсіз үлгісі» қандай болмақ?

– Менің «ҚазМұнайГаз» компаниясына жұмысқа орналасқан уақыттан бері бір жарым жыл өтті. Осы мерзім ішінде едәуір табыстарға жеттік. Сатып алу қызметінің ортақ бизнес-процестері әзірленді, сатып алуды санаттық басқару бойынша құзырлық орталық құрылды, шамамен 3 млрд теңге пайдамен сатып алу стратегиялары әзірленіп, іске асырылды, Job Matching жобасының бірінші кезеңі сәтті аяқталды, еншілес ұйымдар жетекшілік ететін бейінді емес активтер сатылды.

Бүгінгі күні ҚМГ – бұл алпауыт холдинг. Оның құрамында қонақ үйлер, университеттер, бизнес-орталық және т.б. бар. Бұның бәрі ұлттық компанияның бейінді емес бизнесіне жатады. Компания қажетсіз активтерден құтылып, тек мұнай мен газды барлау, өндіру, тасымалдау, өңдеу және маркетингімен ғана айналысуы керек. Келешек табысымыз осы. Біз барлық бизнес-процестерді дұрыс бағытта және жоғары тиімділікпен құрастыруымыз керек. Қызметіміз ашық болуы тиіс. 2021 жылға қарай жоспар бойынша бізде басқарудың екідеңгейлі үлгісі толық қалыптасады деп сенемін.

Мен сатып алудың жаңа жүйесін түсіндіру үшін Маңғыстау мен Атырау облыстарында, басқа да өңірлерде орналасқан көптеген еншілес өндірістік кәсіпорында болдым. Басшылықтың қызметкерлерді трансформация бағдарламасына жұмылдыру жөніндегі жұмысы бекер өтпегеніне көзіміз жетті. Өңірлердегі адамдар өзгерістердің қажеттілігін түсініп, күнделікті жұмыста оларға дайын екендерін көрсетті. Өздерінің де ойлары өзгеріп жатыр. Бұның барлығы «ҚазМұнайГаз» компаниясында болып жатқан түбегейлі өзгерістердің нәтижесіне оптимизммен қарауға мүмкіндік береді.

Сұхбаттасқан Максим ШИМАНСКИЙ

«Самұрық-Қазына» АҚ Трансформация бағдарламасы шеңберінде кезең-кезеңімен жүйелі өзгерістерді енгізіп жатыр. Олар ақша қаражатын тиімді басқаруға бағытталған. «Самұрық-Қазына» қорының мәліметінше, сатып алуды санаттық басқару жобасын енгізу шамамен 135 млрд теңге экономикалық тиімділік әкеледі. Әрине, бұл соманың қомақты үлесі Қордың басты портфельдік компанияларына жататын «ҚазМұнайГаз» АҚ-ға тиесілі болады. Ұлттық компанияның сатып алу жүйесін жетілдіру жөніндегі жұмысы туралы «ҚазМұнайГаз» ҰКАҚ сатып алу және жабдықтау жөніндегі басқарушы директоры Ренат Дүйсебаев баяндап берді.

– Ренат Нұрахметұлы, сатып алу жүйесін трансформациялау бағытында «ҚазМұнайГаздың» міндеті қандай? Атқарылған жұмыстың нәтижелері бар ма?

– «Самұрық-Қазына» Ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ (бұдан әрі – Қор) трансформациялау бағдарламасы барлық портфельді компаниялардың сатып алу қызметіне біраз өзгерістер әкелді. 2017 жылы Қор сатып алу бойынша референстік үлгіні, сондай-ақ сатып алу қызметінің 7 стандартын әзірледі және бекітті.

2018-2028 жылдарға арналған «ҚазМұнайГаз» даму стратегиясындағы сатып алуды жетілдірудің 4 негізгі даму бағыты белгіленді: тауар, жұмыстар мен қызмет көрсетулерді сатып алу бойынша барлық компаниялар тобы үшін ортақ процестер, ашықтық (процедуралардың сақталуына бақылауды күшейту), санаттық басқаруды енгізу, сондай-ақ қоймалар логистикасын оңтайландыру. Осы төрт бағыт туралы нақтырақ айттық өтейін.

Қор әзірлеген стандарттар негізінде 2017 жылы ҚМГ сатып алу бойынша салалық регламентті әзірлеп, бекіткен болатын. Ол құжатта ҚМГ-ның барлық компаниялары үшін сатып алуды жоспарлау мен ұйымдастыру, санаттық басқару, келісімшарттар және қоймалар қызметін басқару бойынша ортақ бизнес-процестер сипатталған. Салалық регламент басшылыққа алынып, бірыңғай ERP-жүйесінде сатып алу рәсімдерін автоматтандыру үшін құжаттар әзірленіп, бекітілді.

Сатып алу қызметінің ашықтығы мәселесіне келетін болсақ, бұл жерде электронды сатып алу алаңын жетілдіру саласында Қордың атқарып жатқан жұмыстарын, енгізген өзгерістерін баса атап айтқым келеді. Сатып алуды жоспарлаудан бастап шарттардың орындалуына мониторинг жүргізуге дейін – бірыңғай платформа енгізілді. Бұл сатып алудың барлық кезеңдерінде ашықтыққа қол жеткізуге және Қор мен мемлекеттік сатып алу тізілімі арқылы фильтрация жолымен жосықсыз қызмет көрсетушілерді сатып алудан автоматты түрде шығаруға мүмкіндік береді.

Өз кезегінде «ҚазМұнайГаз» барлық компаниялар тобы үшін тауарлардың бірыңғай тізбесін енгізіп жатыр. Қормен келісіп отырып, қызмет көрсетушілердің соңғы бенефициарларын айқындау үшін және алдағы мәміледе болуы мүмкін дауларды анықтау үшін сауалнама әзірлеу үстінде.

Сатып алу ережесінің бұзушылықтарын қысқарту жөніндегі жұмыс бірнеше бағыт бойынша жүргізілуде. Қызметкерлерді тестілеу мен оқыту ұйымдастырылды. Оқу аяқталғаннан кейін

Ер дәулеті – еңбек

«Өзенмұнайгаз» акционерлік қоғамына қарасты №5 Сквжиналарға қызмет көрсету басқармасы арнайы техника жүргізушілері Толыбек Бердібаев, Қолдасбай Мұрынов, Демей Орынбасаровтардың атқаратын жұмыстары Өзен кенорны үшін өте маңызды. Олар мұнай өнімділігі түсіп кеткен әрбір сквжинаға тәулігіне 120 шаршы метр қайнаған су айдап, мұнай парафинін ерітеді. Күні-түні тер төгіп

жүрген мұнайшылар еңбек бағаланса, жұмыс сапасының артатынын айтады.

«Маңдайы терлемегеннің қазаны қайнамайды» деген даналық бар. Ер дәулеті – еңбек деп елі үшін тер төгіп, несібесін жүргізуші деген сүйікті кәсібінен айырып, отбасының тіреуі болып жүрген абзал әке, ұжымына қадірлі әріптестерімізге сәттілік тілейміз.



Ақша есепті сүйеді

«Өзенмұнайгаз» акционерлік қоғамы №2 Мұнай-газ өндіру басқармасында есепші болып жұмыс жасап жүрген Клара Баймұқанованы әріптестері қабілетіне, кәсіби біліктілігіне, сан жылдық тәжірибесіне қарап, қатты қадірлейді.

Осы салада 35 жылдан бері өнімді еңбек етіп келе жатқан Клара өз мамандығы туралы «Есепші – өте қызық кәсіп. Мен Ресейдегі Астрахань қаласында оқып, бухгалтер мамандығын алып шықтым. Адам өз ісін ұнатпаса, одан жақсы нәтиже шықпайды. Бухгалтер болу үшін адамға табандылық, ойлай алатын іскерлік қажет. Кез-келген жұмыста тәртіп болғаны дұрыс. Тәртіпке бас игеннің құл болмайтыны – бабалар айтқан ақиқат. Біз ақшамен жұмыс жасаймыз. Басқарма қаражатын есептейміз. Кірісті, шығысты қадағалаймыз. Есепші жұмысын отбасы бюджетін жоспарлаумен салыстыруға болады. Есепші көп сөзге жоқ. Олар үлкен істі үнсіз тындырады. Тоқетері, ақша есепті сүйеді», – дейді.

Клара туралы әріптестері Айнагүл Есжанова, Сәлима Сандыбаева, Дина Күреңбаева, Айгүл Оспанова, Нұрзия Наушабаевалар қолға алған ісін орта жолда қалдырмайтын нағыз өз ісінің майталман маманы екендігін айтады. Ол



жұмыста – жақсы маман, үйде – бақытты әже. Өзі шырқайтын Шәмшінің әндерімен өсіп келе жатқан балдай тәтті Мұқсару, Кәусар, Азалия, Рақымжан, Мәриям, Ибраһим атты немерелері – әже өмірінің мәні мен сәні.

Еңбек адамы

Жұмыс орным үйге айналып кеткендей...

«Өзенмұнайгаз» акционерлік қоғамына қарасты №2 Мұнай-газ өндіру басқармасындағы қабат қысымын сақтау цехында сораптар станциясы машинисі болып жұмыс жасап жүрген Лиза Сақиева мұнай саласында 1993 жылдан бері жемісті еңбек етіп келеді.

Лизаның серігі Дәметкен Индибаева да жұмыс десе ішкен асын жерге қоятын, нағыз еңбекқор жан.

№ 6 «а» ШСС шебері Жұмасат Турабеков те нағыз өз ісінің маманы. Бірнеше жылдан бері ерінбестен абыройлы еңбектеніп жүрген шеберге әріптестерінің құрметі ерекше.

Лиза өз жұмысы туралы «жұмыс орным үйге айналып кеткендей. Әріптестерім де жақсы. Өзенмұнайгаз сияқты тұрақты компанияда еңбек ету – мен үшін бақыт. Жалақыма да көңілім толады» – дейді.

«Еңбек қылмай тапқан мал дәулет болмас: қардың суы секілді тез суалар» – деп хакім Абай айтпақшы, мұнайшылардың маңдай термен тапқан нәпакасы олардың отбасының шырайын келтіріп, берекесін кіргізіп отыр.



Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың «Рухани жаңғыру» бағдарламасы төл тарихымызды қайта түлетіп, өткеніміздің өнегелі тұстарын ел санасына оралтып, өшкенімізді жандыруға түрткі болғаны белгілі. Жуырда өсіп-өнген өлкеге деген ерекше ықыласын нақты іске ұластырған елжанды азаматтардың арқасында ауыл тұрғындарының және ембілік мұнайшылардың ұйымдасуымен Прорва кенішінің 55 жылдығына орай Сарықамыс елді мекенінің орнына тарихи ескерткіш орнатылды.

Қазыналы, құтқа толы Сарықамыс елді мекенінің іргесі 1959 жылы қаланды. Гурьев облысы Ембі ауданында жүргізілген барлау жұмыстарының нәтижесінде Прорва өңірінде жаңа мұнай кеніші бар екені анықталды. 1963 жылы кеніш өндірістік пайдалануға беріліп, «Прорванефть» басқармасы құрылды. Прорва кеніші игерілуінің басталуына байланысты сол жылы кеніштен 25 шақырым қашықтықта 43037,6 га жер аумағын алып жатқан Сарықамыс елді мекені бой көтерген болатын. Осынау шағын ғана ауылдан талай майталман мұнайшылар, өндіріс, ел басшылары түлеп ұшты.

Теңіз кен алаңының игерілуіне байланысты кеніштің санитарлық қорғаныс аймағында орналасқан Сарықамыс елді мекенінің тұрғындарын 2006 жылға дейін Атырау қаласы мен Жылыой аумағындағы Жаңа Қаратон



Сағындырған Сарықамыс

кентіне көшіру туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2002 жылдың 18 наурызында қабылданған болатын. Кент тұрғындары өз қалауымен 2006 жылы Атырау қаласындағы Сарықамыс ықшам ауданы мен Жылыой аумағындағы Жаңа Қаратон ауылына толықтай көшірілді. Он жылдан астам уақыт өтсе де, Сарықамыс жұрты туған жерін, өлкесін әлі күнге дейін сағынышпен еске алуда.

Ескерткіштің ашылу салтанатына «Ембімұнайгаз» АҚ Басқарма төрағасының өндіріс жөніндегі орынбасары А.Габдуллин, ауылдың ардагерлері, тұрғындары, «Жылыоймұнайгаз» МГӨБ қызметкерлері қатысты. Керілген лента қиылып, ауыл қариялары туған ауылға деген сағыныштарын тебірене еске алды.

– Тұрғындардың туған жерлерін ардақтап, ескерткіш орнатуы – болашаққа жасалған белгі ғана емес, ұрпаққа үлгі-өнеге, аманат деп білеміз. Осындай ескерткіш орнатқан азаматтарға мың алғыс, – деді ауылдың

байырғы тұрғыны, ардагер зейнеткер Сатыбалды Әділов.

Салтанатты шара соңы «Каспий самалы» мұнайшылардың вахталық қалашығының мәжіліс залында өткен ауыл тарихынан сыр шертетін деректі фильмнің тұсаукесеріне ұласты.

– Бұл шараға ауыл тұрғындарымен қоса, осы жерден тәрбиеленіп шыққан бірқатар ембілік мұнайшылар қолдау көрсетті. Сонымен қатар қомақты қаржы бөліп, демеушілік жасаған «Жылыоймұнайгаз» МГӨБ кәсіподақ ұйымына да алғысымыз зор. «Бірлескен істе ғана береке бар» демекші, енді бұл сарықамыстықтардың сағынып оралатын, өткенді, тай-құлындай тебіснен бақытты балалық шақтарын еске түсіретін тарихи орынға айналары сөзсіз, – деді «Жылыоймұнайгаз» МГӨБ басшысы Мақсот Наукенов.

Жиын барысында аталған мұнай-өндіру басқармасы ұжымы кәсіподақ комитетінің атынан Атырау қаласы Сарықамыс ықшам ауданындағы Қ.Қайсенов атындағы орта мектепте білім алатын 17, Жылыой ауданының



Қаратон елді мекеніндегі 10, Қаратондағы Сарықамыс ауылындағы әлеуметтік жағдайы төмен 5 балаға қаржылай қайырымдылық көмек көрсетілді.

– Әрбір суретші жобаны жасау алдында қандай символиканы қолдану керектігіне ерекше мән береді. Ескерткіштегі түйелер кездейсоқ алынып тұрған жоқ. Түйе – тарихымыздың қатпарында жатқан үлкен тарихи сырлардың куәгері. Сонау Асан қайғы, Жібек жолындағы саудагердің заманынан, кейін алғашқы мұнай өндірілген кезде түйелермен жеткізілгені де тарихтан белгілі. Сондықтан түйе қазақпен бірге жаралған деуге толық негіз бар. Осы себепті қазақ даласының символы ретінде түйелер белгіленді. Жоғарыда бейнеленген шаңырақ қазақтың қабырғасы іспеттес. Қазақтың қайтпас мінезі, қайсарлығы, өмір жолы, табиғатымыз, кең даламыз – міне, осының барлығын жобада қамтуға тырыстым. Біз қойылған әр ескерткішке қуанамыз. Өйткені, кез келген белгі осы жердің иесі бар дегенді білдіреді, – дейді сәулетші Матай Әбдірахманов.

Дана халқымыз «Туған жерге туынды тік» деп бекер айтпаса керек. Ұядан қияға ұшып, ат жалын тартып, азамат боп кетсе де, туған жерге деген құштарлық сезім әркімнің ет жүрегінде от болып алаулап тұратыны айдан анық.



Халел Өзбекқалиев - 90 жыл



Түбекті түлеткен Тұлғаға тағзым

тәжірибесіне, адамгершілік парасатына тәнті боламыз. Өңірдегі ірі мұнай кенорындарының басым бөлігін Халел ағамыз ашып, оларды игеруге мұрындық болды. Артына өшпес із қалдырған Халел Жағыпарұлының 90 жасын атап өтуге алыс-жақыннан ат арытып келген баршаңызға алғысымды жеткіземін.

Жиында техника ғылымдарының докторы, кезінде мұнай саласы министрі қызметін атқарған ардагер Ұзақбай Қарабалин, Қазақстанның құрметті геолог-мұнайшысы, Н.Марабаев атындағы «Мұнайшы» қоғамдық қоры құрылтайшыларының бірі Орал Ақшолоақов, мұнай-газ өндірісі саласының үздігі, ардагер энергетик Қалабай Төлегенов, Халел Өзбекқалиевтің ұлы, полиция генерал-майоры Райымхан Өзбекқалиев естеліктері мен алғыс тілектерін жеткізді. Одан әрі ескерткішке гүл шоқтары қойылып, жиналғандар колледждегі Халел Өзбекқалиевке арналған мұражайды тамашалады.



Артур Рашидов – Х.Өзбекқалиев атындағы Маңғыстау политехникалық колледжінің студенті:

– Даңқты геолог барлау-шының еңбек ерлігі мен табандылығы үлгісін бойымызға сіңіру, ер есімін биік ұстап, ұрпақтар сабақтастығын жалғастыру берік ұстанымымыз болып қала бермек. Халел атамның атымен аталатын колледж студенті болу да үлкен құрмет, осы дара тұлғаның еңбегін, мұнай саласындағы қызметін жалғастыру біз секілді болашақ мұнайшылардың еншісіне тимек. Х.Өзбекқалиев атымен аталатын колледж әлі талай шәкіртке білім беріп, туған Отанымыз – Қазақстанның экономикасын дамытатын мыңдаған жас маманға жөн сілтейтініне сенемін.

Мерекелік шара мұнай-газ саласы ардагерлері мен мұнайшыларға, қоғам өкілдеріне жайылған ақ дастарханда жалғасты. Есіміне ел қанық Халел Жағыпарұлының көзін



көрген мұнай майталмандары ақиық азамат туралы естеліктерімен бөлісті. Еліне адал азамат болғандығын айтып, өндірістің көкейкесті мәселелерінің түйінін тарқатқан іскерлігін, кісілігін еске алды.

Түс ауа қонақтар «Маңғыстау облысының мұнай-газ әлеуеті» тақырыбындағы ғылыми-тәжірибелік конференцияда бас қосты. Оған мұнай-газ саласының майталмандарымен қатар колледж студенттері қатысты. Конференцияны геология-минералогиялық ғылымының директоры Орал Ақшолоақов ашып, жүргізіп отырды. Қ.Сәтпаев атындағы Геологиялық ғылымдар институтының директоры Герой Жолтаев пен «ҚазЭнерджи» Қазақстан ассоциациясы төрағасының орынбасары Ұзақбай Қарабалин құттықтау сөз сөйлеп, қатысушыларға сәттілік тіледі.

Конференцияда «Елінің жүрегінде мәңгі қалған асыл азамат» тақырыбында «Қазақстан мұнайшылар-геологтар қоғамы» қоғамдық бірлестігінің президенті, Мемлекеттік сыйлықтың иегері, ҚР өнеркәсібіне еңбегі сіңген қызметкер Балтабек Қуандықов баяндама жасады. Сондай-ақ, Маңғыстау кен орындарынан мұнайды арттырып алудың әдістері, Жетібай Өзен кенорындары мұнайын кешенді геохимиялық зерттеу, терең ұңғымаларды бұрғылаудың даму перспективасы туралы баяндамалар оқылып, келелі ойлар ортаға салынды.

Конференция соңында Х.Өзбекқалиевтың өмірбаяны негізінде жазылған «Мұнайдан дания жасаған» кітабы таныстырылып, колледж студенттеріне табысталды.

Лаура Жолдыбаева

Аса көрнекті мемлекет қайраткері, еліміздің мұнай саласы Абыздарының бірі, Қазақ КСР-нің еңбек сіңірген геолог-барлаушысы, Ленин сыйлығының лауреаты, Өзен, Жетібай, Теңге, Қаражанбас, Солтүстік Бозашы, Қаламқас кен көздерін ашқан, Маңғыстау түбегін игеруді ұйымдастырушылардың бірі Халел Өзбекқалиевтің 90 жылдығы Маңғыстау жерінде кеңінен аталып өтті.

Мерейтой Халел Өзбекқалиев атындағы Маңғыстау политехникалық колледжі алаңындағы даңқты геолог-барлаушының ескерткіш бюстіне гүл қою салтанатынан басталды.

Салтанатты жиынды Маңғыстау облысының әкімі Ералы Тоғжанов ашты. Өңір басшысы Маңғыстау тарихында өзіндік өшпес орны бар тұлғаның мұнай барлау мен өндіру, өлкені дамытудағы орасан зор еңбегіне тоқталып, жиынға қатысушы ардагер мұнайшыларға алғысын жеткізді:

– Біздер, орта буын өкілдері, Халекең туралы естеліктерді тыңдап, ағаның тәліміне,

«Бірлікпен алға!» марафоны өтті

Жаңаөзен қаласының 50 жылдық мерейтойына орай 11 қазанда өткен «Бірлікпен алға!» атты «Өзенмұнайгаз» АҚ ұйымдастырған марафонға «ӨМГ» АҚ бас директоры Жәнібек Нұғманов бастаған компания ұжымы мен қала әкімі Әділбек Дауылбаев бастаған аппарат басқармасы, жалпы саны 800-ге жуық спортсүйер жандар бір жеңнен қол, бір жағадан бас шығара отырып, ұйымшылдықпен қатысты.

Тұңғыш рет ұйымдастырылған марафонның ашылуында сөз сөйлеген бас директор Жәнібек Қайырбекұлы желаяқтарға сәттілік тілей отырып, жүгірудің адам денесін шынықтырып, ойын жетілдіріп, өрге тартатынына тоқталып

өтті. «Жүгіру адамның денесін шынықтырып қана қоймайды. Ол адамның жүрісіне, ақылына, сана-сезіміне үлкен әсер етеді. Жүгірудің өзі жарыс. Кімді кім ұтады? Ұту үшін намыс керек. Күш жинау керек. Жүгіру адамның көңілін көтеріп, ойын сергітеді. Компания мұнайшыларының корпоративті рухын көтеріп, бір-біріне деген достығы мен сыйластығын арттырып, өзара ынтымақ-бірлігін күшейтеді» – деді бас директор.

Қазіргі таңда артық қимыл, қозғалыс жасамайтын, сағаттап компьютер алдында отыратын үлкенге де, кішіге де үлгі көрсеткен «Өзенмұнайгаз» АҚ басшылығына қалай риза болмайсың?!

Дәрігерлер жүгірудің адамның ойлау қабілетін дамытып қана қоймай, адаммен тез тіл табысуға үйрететіндігін айтады. «Жүгіру денені шынықтырады, қан айналымы мен тыныс алу мүшелерінің жұмысын жақсартады» – дейді олар.

«Жүйріктен жүйрік озар жарысқанда» демекші, 18-40 жас аралығында 1-орынды Төрбек Лепесов, 2-орынды Мақсат Аташов, 3-орынды Жалғасбай Абдулазизов еншіледі. 41 мен 50 жас аралығында 1-орын Марат Байқұловқа, 2-орын Мейрам Бердиевке, 3-орын Талғат Қоңыровқа бұйырды. 51-60 жас аралығында жүгіргендер арасынан 1-орынды Есен Тайжанов, 2-орынды

Нариман Өтемісов, 3-орынды Нұржан Жарылғасов алды. Маңызды шарадан қыз-келіншектер де тыс қалмады. Олардан бірінші болып мәре сызығын Әсем Алдабергенова, екінші болып Салтанат Боқаева, үшінші болып Индира Есімова кесті. Жүлдегерлерге бағалы сыйлықтармен қоса, бас директор мен қала әкімінің Алғыс хаттары берілді. Марафонға қатысқан ең жас және ең жасы үлкен жүгірушіге қол сағат табысталды. Жарысқа қатысушыларға арнайы шатыр тігіліп, мерекелік дастарқан жайылды. Қазанға палау пісіріліп, тәтті шай дайындалды. Мерекелік көңіл-күй сыйлаған концерт ұйымдастырылды.





Қайырымды жандар марапатталды

Ақтау қаласы әкімдігінің ұйымдастыруымен өткен салтанатты жиында бірқатар азамат «Жомарт жүрек» сыйлығымен марапатталды. Марапатталушылар ішінде құрылғанына екі-ақ жыл болғанына қарамастан, біраз шаруаның басын қайырып тастаған Жаңаөзен қайырымды жандар тобы жетекшісі, «Өзенмұнайгаз» АҚ жұмыскері Сәнім

Мұратова да бар. Ол «Ерен еріктілік» номинациясы бойынша марапатталып, облыс әкімі Ералы Тоғжановтың Алғыс хатына ие болды. Алғыс хатты Олимпиаданың бокстан күміс жүлдегері Әділбек Ниязымбетов тапсырды.

Жаңаөзен қайырымды жандар тобы жинаған 19 миллион теңге қаражатқа 8 адамға ота жасалды. Бұдан бөлек мұқтаз

жандарға үздіксіз көмек көрсетіліп келеді. «Бізге үнемі қолдау көрсететін мұнайшыларға, жағдайы нашар отбасында тәрбиеленіп жатқан балаларға жаңа жылдық сыйлық берген Әлеуметтік әкімшілік департаменті директоры Тарас Алеудиновке, мерекеледе 300 балаға ойыншық алып берген Кәсіподақ төрағасы Наурыз Сақтағановқа, Спартакиададан

жеңіп алған жалпы командалық қаржылай жүлдені қайырымдылық шотына аударған №3 МГӨБ спортшыларына Алланың нұры жаусын. Адамның дүниеге келгендегі негізгі мақсаты-бір-біріне қызмет ету, жақсылық жасау, бірін-бірі демеу. Бұл маған берілген марапат емес, Жаңаөзен қайырымды жандар тобына берілген марапат деп білемін» – деді Сәнім Мұратова.



«Гобой үні»

атыраулық жас таланттың шығармашылық кеші осылай аталды

Жуырда Н.Жантөрин атындағы Жоблыстық филармонияда жас та болса үлкен өнер иесі, Атыраудың мақтанышына айналған Айнель Тұрағалиеваның концерті өтті. Камералық оркестрмен бірге ол Вивальди, Платти, Марчелло және тағы басқалардың шығармаларын гобой аспабымен орындап, кештің сәнін әсем әуенмен әрледі.

Айнель 8 жасынан бастап музыкаға ерекше бет бұрып, осы уақытқа дейін сүйікті аспабын еш тастаған емес. Дарынды балаларға арналған Н.Тілендиев атындағы кіші өнер академиясында білім ала жүріп, Айнель республикалық, бүкілресейлік және халықаралық конкурстардың Бас жүлде иегері, лауреаты атанған болатын. Музыкаға деген сүйіспеншілік пен табандылығы мәскеулік аудиторияны бағындыруға септігін тигізіп, ұстаздардың оң бағасына ие болды. Жас өнерпаздың өнеріне тәнті болған ұстаздары Айнельді Гнесиндер атындағы

Мәскеу музыка мектебіне оқуға түсуге ұсынады.

Күрделі қабылдау емтихандарынан сүрінбей өтіп, сынақтарды сәтті тапсырған Айнель – бүгінгі таңда аталған білім ордасының ақылы бөлімінің шәкірті. Әкесі Ғалилolla Хұсайынұлының айтуынша, өнер иесінің арманының орындалуына «Ембімұнайгаз» акционерлік қоғамы үлкен септігін тигізді. Компания Тұрағалиевтердің өтініштеріне бірден елең етіп, демеушілік көмек көрсетті. Облыстық филармонияда өткен шығармашылық кешті Айнельдің туыстарымен бірге ЕМГ АҚ Басқарма төрағасының экономика және қаржы жөніндегі орынбасары Рысты Тасмағамбетова тамашалады. Ол жас дарындарды қолдап жүрген кешті ұйымдастырушыларға алғысын білдіріп, Айнельге алдағы өмір жолында сәттілік мен биік белестерді бағындыруға тілектестік білдірді.

Салауатты өмір салты

Ұжымдық жаттығу рух көтереді

Жуырда «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ Басқарма төрағасы Сауат Мыңбаев «Сауықтыруға 10 қадам» бастамасы жөнінде барлық еншілес компаниялар қызметкерлеріне Үндеу жолдаған болатын. Осыған үлгі ретінде, салауатты өмір салтын ұстанып, ағза энергиясын және жұмысқа деген физикалық белсенділікті арттыру мақсатында жұмыс уақытында сергіту жаттығуларын жасауға уақыт тауып жүрген «Ембімұнайгаз» АҚ Қызметкерлерді басқару және еңбекке ақы төлеу департаментінің игі бастамасы жөнінде айта кеткіміз келеді.

Аталған департамент қызметкерлерінің әр жұмыс күні таңғы сергіту жаттығуларынан басталады. Қызметкерлер жаттығулар жүйесі бойынша қол, мойын, бас, аяқ, бел қимылдарын жасап, денені сергітеді. Сегіз сағат бойы тапжылмастан компьютер алдында отыратын кеңсе қызметкерлері үшін сергіту жаттығулары – саулықты сақтаудың бірден бір жолы. Бұл бастаманың күн тәртібіне енгеніне екі айдай уақыт өткен.

Идея авторы осы департамент директорының орынбасары Ғибрат

Ауғановтың айтуынша, мұндай көпшілікке арналған жаттығулар денені қыздырып қана қоймай, ұжымдық рух береді, әрі ұжымның басын қосқандықтан, қызықты өтеді.

– Қазіргі таңда «ұжымдық жаттығулар» термині қолданысқа кеңінен енуде. Өйткені, денені шынықтыру, физикалық жаттығулар жасауға, негізінен, уақыт та жетпей жататыны жасырын емес. Осыған орай, әріптестерімізбен бастама көтеріп, ұсынысымызды департамент директоры Гүлбану Әбутәліпқызы Шарафетдинова қолдады. Жұмыс уақытында физикалық белсенділікті арттыру үшін департамент қызметкерлері күніне 5 минуттан 2 рет жаттығу жасайды. Яғни, бұл үрдіс қаржылық және уақыт шығындарын талап етпейді, – дейді ол.


Физикалық жаттығулар дененің шымыр, деннің сау болуына, шаршағанды жеңуге көмектеседі. Ал, бұл үрдіс күнделікті жұмыспен ұштастырылса, ағзаға тиер пайда да зор. Бой мен көңіл күйдің сергектігі еңбек өнімділігіне де тікелей әсер ететіні сөзсіз.

Ал, сіз физикалық жаттығуларды жасайсыз ба?



Мұнайшылар шығармашылығы

Суреттері салған Д.Қалқамбекова



бала болады» деп өзін өзі жұбатады. Ерлі-зайыптылар болып шүйіркелесіп отыратын күндерін әлдекім келіп ұрлап кеткендей. Бір-бірінің ұрлығының үстінен түскен жандардай қараптан-қарап қуыстанып отырғандары. «Бұнысы несі» дейді пұшайман болып, ашудан жарылардай болған Ажар. «Сүйем, күйем, қызғанамын»

деп үйленген Жанболатты неге самарқау. Арада ұрыс жоқ, керіс жоқ. Салқындық бар. Бір-бірін бір сағат көрмесе, тұра алмайтын екеуі тар төсекте теріс қарап жататын болып жүр... Ажар өзінің бойынан көңілсіздікті қуу үшін ырғақты музыканы қосып қойды. Күйеуінің танертең шай ішпей кеткені де есіне түсті. Неге екені белгісіз, қараптан-қарап отырып, Жанболатқа жаны ашыды. Өзінің қаттылығына қапаланды. Ажар үйдегі тоғыз баланың кенжесі болғасын ба, ерке болып бой жетті. Әке-шешесі бетінен қақпай өсірді. Ішем дегенін ішкізді, киём дегенін кигізді. Мектепті үздік бітірген Ажар Алматыға медицина институтына түсіп, екі жылдан кейін «оқу ұнамайды» деп қайтып келген кезде де ерке қыздарының қылығы шымбайына қатты батса да, әке-шешесі іштерінен тынып, үндемеді. Әуелден шаш сәндеуге ебі бар Ажар курс бітіріп, осында жұмысқа тұрды. Жұмыстасының туған күнінде Жанболатпен танысты. Шағын қалада екеуінің тұрғаны да, жүргені де ел аузында сөз болды. Өзінен бірнеше жас үлкен Жанболат құрылыс мекемесінде инженер болып қызмет атқаратын. Қолында қоңыр портфелі бар, риясыз жымышп тұратын жігіт Ажарға бірден ұнады. Өз бағасын білетін бойжеткен жігіттің ырқына құлай кетуге асыққан жоқ. Шақырған киносына да, концертіне де жұмыстан шаршайтынын алға тартып, бара алмайтынын айтты. Жігіттің бозарып кеткен түріне қарап, оның өзін қаншалықты сүйетінін сезген Ажардың жүрегі қуаныштан талай дүрсілдей соқты. Пенде емес пе?! Туған күніне бір құшақ алқызыл раушан гүлін әкелген Жанболатты көргенде қасындағы қыздар бұған қызғана қарады. Көрікті жігіттің өзінің

қасынан айналшықтап шыға алмағанына төбесі көкке жеткендей болды. Бір күні екеуі армансыз қыдырды, балмұздақ жеді, киноға барды. Түкке тұрмайтын нәрсені әңгіме етісіп, болар-болмасқа мән болып күлді. Үйге әдеттегіден жай оралған бұған аңтарыла қараған апасының бетінен шөп еткізіп сүйді де, күліп жіберді. Екі жылдан кейін 21 жастағы ерке қыз барлық кәдесімен ұзатылып кете барды. Бұлғақтап әлі де жүре тұрмақшы еді, Жанболатты өлердегі сөзін айтып тұрып алды. Несін жасырады, сұлу жігіт өзінің жүрегі де жаралап, күндіз ойынан, түнде түсінен кетпеуге айналды. Бұл үйінің кенжесі болса, Жанболат үйінің үлкені еді. Өзінен кейінгі інісі бір жылдан кейін келін әкеліп, бұлар бөлек шықты. Келін келе сала босанды, жақында базарда сыртынан көрген. Шермиіп тұр екен. Айналасына маңғаздана қарап қояды. Сыртынан қызыға ұзақ қарады. Неге екені белгісіз қасына бара қоймады...

Әр нәрсені бір ойлап жүріп, Ажар үйді мұнтаздай етіп жинады. Бұрқыратып кір жуыды. Жанболаттың көйлектерін үтіктеп, шифоньерге ілді. Иісін аңқытып манты пісірді. Дүкенге барып, қаймақ пен ыстық нан алып қайтқан Ажар үйден қолына гүл мен торт ұстаған күйеуін көргенде, қапелімде сасып қалды. Ерке баладай жүгіріп барып, мойнына асыла кетті. «Сүйіктім, сен де ұмытпаған екенсің, екеуіміздің таныстығымызға бүгін тура жеті жыл ғой» деп үздіге сыбырлаған Жанболаттың сөзі сұлу келіншекті балқытып жіберді. Тамағына келген ашы өскікті сезді. Сыртынан қараған адам ұзақ уақыт көріспеген жолаушылар деп ойлауы кәдік еді. «Құдайым-ау, адам бір үйде тұрып та, бір-бірін сағынады екен-ау» – деп ойлады Ажар.

Өткенде төркініне қонаққа барды. Кетерінде шешесі сөз бастады. «Жүзің сынық екен. Көп уайымдама. Басың жас. Алланың берем десе пендесіне деген қазынасы мол. Алланың бермегенін, тартып та, сатып та ала алмайсың. Қараптан-қарап отырып жүнжіме. Еңсенді көтеріп жүр. Жас адамның күн жаумай су болып жүргені жақсы емес» – деді. Ана сөзін даусын көтермей жай айтса да, қатты айтты. Үйге келгесін Ажар бірден шашын сәндеді. Дүкенге барып өзіне киім таңдады. Сол сол-ақ екен, ішкі дүниесінде сілкініс пайда болды. Анасының сөзінен күш алған Ажар өзді-өз болғалы сөздің құдіретілігін алғаш мойындаған болатын.

– Бүгін мейрамханаға барсақ қайтеді? – деді Жанболат жігіт кезіндегідей қиыла қарап. Ажардың қуаныштан жүзі жайнап сала берді. Жауап беруге дәрмені жоқ ол басын изеді. Әйел заты емес пе? Соның арасында «Мейрамханаға қай көйлегімді киесем екен?» деп те ойлап үлгерді. Ішіне сыймағасын бұл жаңалығын уатсаппен Күлипаға жазды. Ол мән болып тұрған смайлик салып жіберді.

Ажар мерекені сағынып қалыпты. Сыпайы даяшы бұларды отыз екі тісін көрсетіп қарсы алды. Ажарға ыржиып тұрған жігіт бірден ұнамады. «Алымы жоқ, берімі жоқ, қазақ жігітіне орынсыз ыржалаңдаған жараспайды» – деп ойлады ол. Өзіне күлімсірей қараған Жанболатты көргенде бәрін ұмытқан бақытты келіншек «бүгінгі сәтті дүниенің жарты байлығына айырбастамас едім», – деді ішінен. Жүзі бал-бұл жанған ол азаматына еркелей көз тастауды да ұмытқан жоқ.

Кеш өте көңілді өтті. Екеуі армансыз биледі. Отырыс соңында ерке келіншек өзін жайсыз сезіне бастады. «Тамақты көп жеп қойдым» деп ойлаған Ажар жүрегінің айнып тұрғанын сезді. Жанболатқа айтып, мазалағысы келмеді. «Қазір басылатын шығар» – деп үміттенген... Бекер үміттеніпті, ол енді өзінің лоқсып, құсқысы келіп отырғанын сезді.

«Мен қазір!» деді де, орнынан түрегеліп әжетханаға қарай құстай ұшты. Құсқан соң жеңілдеп қалды.

Үйге келген соң, тез ұйықтап қалмақ болған әрекетінен де түк шықпады. Жүрегі айнығаны күшейіп, аяқ астынан температурасы көтеріліп кетті. Сасқанынан күйеуі жедел жәрдем шақырды. «Не жеп едің, бір нәрседен ұшынып қалдың ба?» – дейді аузына басқа сөз түспей... Қайта-қайта су әкелді. Сөйтіп, екі кештің арасында не істерін білмей жүгіріп жүрген Жанболат жедел жәрдемді көргенде қуанып кетті. Жедел жәрдем қалай тез келсе, солай тез кетті. Жай кеткен жоқ. Түймедей дәрі беріп, түйедей кеңес беріп кетті. «Сіз қызықсыз, – деді ақ халат киген қара қыз тыққақтап. Ойнап жүрген «жедел жәрдем» бар ма? Аяғы ауыр кезде мұндай жағдай болып тұрады. Келіншегіңіз тіпті гинекологқа есепке де тұрмаған...»

Күнкілдей сөйлеген қара қыз мелшиіп тұрған Жанболатқа таңырқай қарап, ұзақ бара жатты...

Бибігүл БӨБЕКБАЙ

Ой түрткі

Не жеп жүрсіз?!



Мен өзім көп нәрсеге күмәнмен қараймын. Базардағы тауық сирақтарының кеуделері қайда деген сұрақ мазалайтыны жасырын емес.

«Қазақстан тағамтану академиясы» статистикасының мәліметіне жүгінсек, халықтың 60 пайызы өлім-жітімге дұрыс тамақтанбағандықтан шалдығып отырған көрінеді.

Аталмыш академияның президенті Төрегелді Шарманов фаст-фуд тағамдарын пайдалануға үзіді-кесілді тыйым салады. Бұл тағам асқазанның ауруына әкеліп соқтыратын көрінеді. Бауырсақты қайта-қайта пайдаланған майға пісіру де зиян. Шарманов мырза калориялық күш жағынан маңызды тамақтарды май мен етті атаса, денсаулыққа пайдалы, раққа қарсы дәрумендер көкөністің құрамында екенін ескертеді.

Көп адам тамақтану дегенді қарнымыз ашпаса болды деп түсінеді. Расында да, асқазан деген жуынды төгетін итаяқ емес екенін естен шығармаған жөн.

Адамды дертке шалдықтыратын екі нәрсе бар. Бірі – ой кеселі. Екіншісі – дұрыс тамақтанбау. Шамадан артық ішіп-жеу де бүгінгі күннің күрделі проблемаларының бірі. «Біз адам баласын ең көркем бейнеде жараттық» деп баян еткен Жаратушы Иеміз. Психолог-мамандардың айтуынша, адамның ажары дұрыс тамақтануға және сол адамның ішкі дүниесіне байланысты көрінеді. «Ақыл-алтау, нәпсі – жеті» деген сөз бар қазақта. Осы жеті арсыздың бірі – тамақ. Екі аяқты, жұмыр басты пендеге алдымен керегі – қарынның тоқтығы. Дегенмен өзгелер сияқты тамақтану мәдениетін қалыптастыру арқылы тамақтану рационымызға мән берсек,

нұр үстіне нұр болар еді. Майлы астан бір мезгіл бас тартып, көбінесе салат тағамын тұтынсақ, ешкім қолымызды қаға қоймас. Витамині аз, бірақ калориясы көп майлы тағамдарды шектен тыс пайдалану жүрек-қан тамырлары ауруларын, қан қысымын тудыратынын дәрігерлер айтып та, жазып та жүр. Майлы тағамдардан адам ағзасында артық май жиналады. Пакеттерге салынған қытырлақ картоп, жасанды сорпалар, газды сулар асқазан, бүйрек, бауырды зақымдайды. Пайдалы тағамдар қатарына: ет, сүт тағамдары, көкөніс, сұлы, арпа, қарақұмық, тары, бидай өнімдері жатады.

«Сіз нені жесеңіз содан қалыптасасыз» («Вы то, что вы едите...») деген еврейлерде нақыл бар екен. Ал, сіз не жеп жүрсіз?!

Сарша СҮГІРӘЛІ,
«Өзенмұнайгаз» АҚ қызметкері



МЕНШІК ИЕСІ:

«ҚазМұнайГаз» Барлау Өндіру» АҚ
Газет Қазақстан Республикасы
Мәдениет, ақпарат және спорт
министрлігінде есепке қойылып,
№ 6668-Г куәлігі берілген.

Мекен-жайымыз:

010000, Астана қаласы,
Қабанбай батыр даңғылы, 19 үй,
А блогы, 4 қабат, 0406 бөлме.

✓ Газет жарияланымдарындағы автор пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді.

✓ Редакция оқырман хаттарына жауап бермейді және оны қайтармайды.

✓ «Мұнайлы мекен» газетінде жарияланған материалдар көшіріліп басылса, сілтеме жасалуы міндетті.

✓ Жарияланған суреттердің сапасына редакция жауап береді.

Шығарылымды дайындауға қатысқандар:

Елдос Өмірзақұлы – Ye.Umirzakov@kmg.kz

Шархан Қазығұл – Sh.Kazagulov@kmg.kz

Бибігүл Бөбекбай – Psdso@umg.kmgep.kz

Лаура Сулейменова – L.Suleimenova@emg.kmgep.kz

Айгүл Ертілеуова – A.Ertleuova@emg.kmgep.kz

Жаңагүл Серікова – Zh.Serikova@kmg.kz

Диана Қалқамбекова – D.Kalkambekova@kmg.kz

Байланыс телефоны: +7 (7172) 78 91 49

Газет айына 2 рет шығады,
Таралымы 5 000 дана

МЕРДІГЕР: «Samruk invest group» ЖШС

Астана қ-сы, Сарыарқа даңғылы,
41-үй, 476 кеңсе. Тел.: +7 (7172) 68 00 79

«Ақжар-АБК» ЖШС

Ақтөбе қ-сы, Қобыланды көшесі, 17

тел.: +7 (7132) 21 19 30